

5. Шипова Г.А. Онтолингвистические закономерности развития жанров детского фольклора // Научные исследования в образовании. – 2008. – №6. – С. 1-6.
6. Запись биографической беседы с Тасылбаевым Д.К. (1958 г.р.), записано Шапагатовой Д.Д. в с. Ынтымақ Бухар-Жырауского района Карагандинской области в 2024 г.
7. Запись биографической беседы с Денежкиной Н.С. (1949 г.р.), записано Шапагатовой Д.Д. в г. Караганды в 2024 г.
8. Фото со страниц газеты «Дружные ребята». – № 48(1809). – Алма-Ата, 1963.

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН МҰРАСЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ**

**Хожамберди Б.И.**

Ғылыми жетекші: Өскен Әсем, PhD, докторант  
Шоқан Уалиханов атындағы Көкшетау университеті,  
Көкшетау қ., Қазақстан  
[bibizuhra12022005@cloud.com](mailto:bibizuhra12022005@cloud.com)

### **Кіріспе**

Ыбырай Алтынсарин - қазақ халқының жаңа ағартушысы, рухани көсемі. Ыбырай Алтынсарин «Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай кірістім» сөзінде келтіргендей, өз заманында мектептің пайдасын түсініп, халықтың көзін ашуға тырысты. Осылайша, қазақ қоғамына, мектеп, мұғалім түсініктері ене бастады. Ағартушы әрі демократтың өн бойындағы қасиеттердің ендігі бір қыры – жазушылық еді. Жастайынан оқуға зерек болған Ыбырай тек ежелгі қазақ әдебиетімен ғана сусындап қойған жоқ, ол шетел әдебиеті мұрасына қызықты. Оқыды, зерттеді, таныды, білді. Соның арқасында талай ғажап әдеби-педагогикалық мұралар халыққа жол тартты.

Елдің ертеңгі тірегі - жас өскелең ұрпақ. Ал сол балаларға арналған алтын әдебиеттің діңгегі мен тірегі – Ыбырай Алтынсарин әңгімелері еді. Ыбырай Алтынсарин өзінің әңгімелерінде сол замандағы заман тіршілігі, қоғам мен адам байланысын, өмір қажеттіліктерін айқын суреттеп жазады. Жазушы шығармалары арқылы жас ұрпақ еңбекқорлық, парасаттылық пен адамгершілік қасиеттерді бойға жинайды. Жазушының мәнді әрі мағыналы қысқа ғана шығармалары өзінің жас оқырманын бірден баурап алып, оқуға құштарлықтарын ашатын еді. Ыбырай Алтынсариннің «Кел балалар, оқылық!», «Қыпшақ Сейітқұл» мен «Киіз үй мен ағаш үй» шығармасы, аллегориялап жазылған «Түлкі мен ешкі», «Сауысқан мен қарға» туындылары тәрбиелік беделі жоғары туындылар ретінде бағаланып келеді.

Ыбырай Алтынсариннің «Кел балалар, оқылық!» өлеңі халықты оқу-білімге шақыратын теңдесіз оқу құралы. Аталған еңбек тек оқулық ретінде ғана емес сонымен қатар, ақынның поэзиялық туындылары мен әңгімелері алғашқы жинақ ретінде бағаланады. Өзінің қалам алды ғажап туындылары арқылы, келесі буынға адамгершілік, зейінділік, әдептілік, білімділік сияқты қасиеттерді бойға ұялатады. Қазақ халқының сол замандағы болмысын көрген жазушы өзінің нағыз демократ екенін, саяси көз қарастарын өз шығармалары арқылы беруге тырысып, өз еңбектерінің негізгі мазмұны: тәрбие екенін айғақтап берді.

Ыбырай Алтынсарин - XIX ғасыр көшпелі қазақ қоғамына «Қыпшақ Сейітқұл» шығармасы арқылы, еліне отырықшылық үгіт-насихатын арнайды. Бұның бәріне негіз – отырықшылық өмірдің артықшылығы еді. «Қыпшақ Сейітқұл» шығармасы байырғы қазақтың жөн-жоралғысы құрбаны болып барымталанып, бір күнде сіңірі шыққан жоқшылық төресі атанған кедейдің кейпін кешкен, отыз үйлі тобырдың ақсақалы Сейітқұл жайында. Сейітқұл келер ұрпаққа тапқырлық, ақылдылық пен пайым-парасаттылықтың белгісі ретінде танылады. Өз елін ескілікпен барымталыққа қарымталықты үйретпей, оның түбі жақсылық емес екенін аңғарып, Қабырға өзенінің бойына елін көшіріп әкеп, бір кетпен беріп, егіншілікке баулиды. Міне осылайша, адал еңбек арқылы отыз үй төрт жүз үйге дейін

молайып, бай қонысқа айналады. Осы шығарма арқылы жазушы ұрлық түбінде қорлық барын тек адал еңбектің арқасы еңселі ел болып бой көтеруге жарайтынын жазады.

Адамның бойындағы асыл қасиеттер: сабырлық, қайырымдылық, төзімділік пен бауырмалдылық қасиеттерге баулуға арналған «Асыл шөп» атты әңгімесін негізге алуға болады. Аталмыш әңгіме сонымен қатар өз үндестігін «Аурудан аяған күштірек» әңгімесімен жалғасын табады. Ыбырай Алтынсарин осы әңгімелер арқылы өмірдің иірімдері әр қилы болып келетінін, бірақ солардың мәні мен мағынасын түсіну сана биігі екеніне барып теңестіреді.

Сондай-ақ, жазушының аллегория тәсілі арқылы өз шығармаларын жеткізудің нағыз шебері екенін аңғаруымызға болады. Жалпы бәрімізге аллегория дегеніміз – пернелеп айту екені тайға таңба басқандай анық шығар. Міне дәл осы көркемдегіш құралдар арқылы жазушы талай әңгімелеріне қалам тартқан. «Түлкі мен ешкі», «Қарға мен құрт», «Сауысқан мен қарға» сияқты әңгімелерінің тәрбиелік мәні балаларды әдепке, қанағатшылдыққа, жомартталыққа, ізеттілік пен бауырмалдылыққа шақырады. Жан-жануар тіршілігі мен адам өмірін қиыннан қиыстыру асқан шеберлік белгісі.

Әңгімелердің тәрбиелік мәні тереңде. Ендігі таңда, тоқталатын Ыбырай Алтынсаринның туындысы, бес жастағы бүлдіршіннен бастап еңкейген қартқа дейін хабардар, қазақ халқының жалпы ұлттық құндылығы «Кел балалар, оқылық!» өлеңі болмақ. Қазақ қоғамын қараңғылықтан жарыққа жол бастаушы өлеңнің тәрбиелік мәні тым тереңде. Өлеңді:

Бір Аллаға сиынып,  
Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге,  
Ықыласпен тоқылық[1,186].

- деп бастай келе, істің басын Аллаға тәуекел етуде екенін назарға ала кетеді. Осы тұрғы да ол баланың фокусына зейініне басты назар қояды. Баланың фокусын дұрыс орнату, зейінін дұрыс бағыттау арқылы оқылған әңгіме яки алынған ілім болсын пайдасы мол екенін алға тартады.

Білімдінің күні жарық, ал білімсіздің күні қараң екенін, сонымен білімнің басы тәрбие екенін алға тартады отырып, «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қа жауы екенін» :

Оқысаңыз балалар,  
Шамнан шырақ жағылар.  
Іздегенін алдынан,  
Іздемей-ақ табылар,[1,186]

-деген өлең жолдары арқылы аңғартады. Ыбырай Алтынсарин өзінің осындай пайым мен парасаттылық толы өлеңі арқылы жас балаларға насихат айтады. Бұл өлең қарапайым ғана өлең емес, заманнан заман өткен өсиет өлеңі.

Осындай, тағы бір насихат туындысы «Әй, жігіттер» өлеңі. Жас жігіт ертеңгі әке, елдің тұтқасы, оттың басының тірегіне Ыбырай өз өлеңі арқылы өсиетін жеткізеді. Адам кіммен жолдас болса, мінезі содан жұғатынын атап өте келе, ортаңды дұрыс таңдау сол арқылы өзін-өзін тәрбиелеуге шақырады.

Әй, жігіттер, үлгі алмаңыз,  
Азған елдің ішінен.  
Алыс-алыс қашыңыз,  
Зияндасты кісіден,[1,356]

-дей келе, саналы түрде сана биігіне жеткен адамға жақын болып, оғаан еліктеп қолдау берудің мән мағынасын түсіндіреді. Жақсының жақсылығынан қапы қалмай, өзінді соған сай тәрбиелеу маңызын:

Жақсыны көзбен салмаңыздар,  
Жақсыдан қапы қалмаңыздар.  
Өзі болған ерлердің,  
Аяғынан алмаңыздар.[1,366]

-деген, өлең жолдары арқылы айғақтап береді. Бұл ақынның өсиет өлеңдері тәрбиенің қайнар көзі екенін байқауға болады.

Мектеп кезінде әр оқушының сүйіп оқыр шығармасы «Атымтай Жомарт» болған шығар. Адамның бойындағы асыл қасиеттің бірі жомарттық. Дәл осы жомарттық қасиет Ыбырай әңгімелерінде кеңінен құлаш жая суреттелді. Шығыс пәлсафасына негізделе отырып, «Атымтай Жомарт» әңгімесі дүниеге келеді. Атымтай Жомарт жас оқырманға адал еңбек пен жанашырлықтың терең үлгісін көрсете алды. Асқан байлығы бола тұра, көптен ерекшеленбей адал еңбек арқылы нанын тауып, күнін көрген Атымтай Жомарттың үлгілі өмірі баяндалады. Сол заманға негізделіп жазылған бұл туындылар, бүгінде өзінің мағыналылығын жоғалтқан жоқ. Бүгінгі күнде қазағым Ыбырай шығармалары арқылы тәрбиеленген, өз заманының талай Атымтай Жомарттарымен мақтанады.

Өз заманында прогрессив педагог болған Ыбырай Алтынсарин адамның эстетикалық тәрбиесін де тыс қалдырмады. Кішкентай ғана дүниеден сұлулық көре отырып, жан рахатын сезінуге үйретті. Өз заманында сылдырап аққан бұлақтай эстетикалық көркемдікті байқай, рухы шабыттана келе, қарапайымдылықтан ғажап сұлулық көріп, жанның тәрбиесіндегі назар ұғымына үйлесімділік табады:

Таулардан өзен ағар сарқыраған,  
Айнадай сәуле беріп жарқыраған.  
Жел соқса, ыстық соқса бір қалыпта,  
Аралап тау мен тасты арқыраған. [1,456]

Қорытындылай келе, Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінің тәрбиелік мәні тереңде. Адамгершілік, адалдылық, парасаттылық ұғымын ол тек қана түсіндіріп қоймай сонымен қатар, адамзаттың асы құндылықтарын күнделікті өмірмен байланысын ұқтырды. Әр шығармасын оқыған кезде адасқан пендеге қараңғыда түскен жарық сияқты нұр төгіп тұрды. Шешімі жоқ түйінді мәселелердің шешімін шығармалардағы пайым-парасаттылыққа негіздей отырып шешемін табуға бағытталды.

Ыбырай Алтынсарин «Кел, балалар, оқылық!» өлеңі арқылы балаларды білімге құштар, еңбекқор, өнегелі азамат болуға шақырады. «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесі адамды еңбек етуге, сабырлы, төзімді болуға, халқы мен Отаны үшін қызмет етуге үндейді. «Асыл шөп» әңгімесі - адамды шынайы құндылықтарды тануға, жақсы мен жаманды ажыратуға шақырады. «Әй, жігіттер» өлеңі - жігерлілікке, талаптылыққа, ізденіске, елге пайдасы тиетін азамат болуға шақырады.

Заман өзгерді, онымен бірге адамзатта өзгерді. Алдымызда жаһандану заманы, бірақ осы заманда да Ыбырай Алтынсарин мұрасы өзінің маңызын жоғалтпады. Бүгінгі таңда ел боп, жер боп алға тартып жатқан «Біртұтас тәрбие» бастауы Ыбырай шығармаларында. Себебі, Ыбырай шығармашылығы баға жетпес құндылық. Оған негіз өз халқының тарихынан, мәдениеті мен салт-дәстүрінен сыр шертетіндігінде.

Ыбырай Алтынсарин тәрбиені сан қырынан қарастыра алды. Ол ең алдымен жас буынның білім алуын назарға алып, оның дұрыс берілуіне дең қойды. Білімді адамгершілік пен ізгілік қасиеттерін дарыта отырып беруді дұрыс деп санады. Жазушы шығармалары «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» қанатты сөзінің жаны бар екенін, тәрбие мен білімді қатар қою керектігін айғақтайды.

Ыбырай Алтынсарин қазақ педагогикасын алтын дінгегі. Тәрбиенің қайнар – бұлағы. Бүгінгі күнде әр адамының жанына жалау болар асыл тәрбиені өз туыныларына үйлестіре алған сөз шебері. Тәрбиенің бастауын іздесең, жас оқырман, Ыбырайды оқы, шаршама!

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Алтынсарин Ы. «Таңдамалы шығармалар жинағы», Алматы. 1955, – 413 бет
2. Қирабаев С. «Ыбырай Алтынсарин – ағартушы, жазушы» Алматы, 1982, – 240 бет
3. Т.Ә. Ахметов, С.О. Оспанов. «Ыбырай Алтынсарин мұрасы: библиографиялық көрсеткіш», Қостанай, 2016, – 237 бет
4. Соқпақбаев Б. «Ыбырай жолы», Астана, 2015, – 237 бет
5. «Кел, балалар, оқылық», Алматы, 2012, – 120 бет